



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

Пияз және сәбіз қорларының ұсынылатын көлемі қалыптасты

Өткен аптада әлеуметтік маңызы бар азық-түлік бағасының өсу индексі ел бойынша орташа есеппен нөл көрсеткішінде қалды.

Үкіметте негізгі азық түлік бағасын тұрақтандыру және отандық қант өндірушілерді қолдау шаралары талқыланды. Отандық өндірушілердің өтініштерін назарға ала отырып, Сауда Комитетінің төрағасы Айдар Әбілдабеков

күшейтетін боламыз. Талаптар сақталмаған өңірлер бойынша тиісті ұсыныстар енгізілетін болады», деді Ауыл шаруашылығы вице-министрі.

Ербол Тасжүреков хабарлағандай, елімізде пияз бен сәбіз бойынша ұсынылатын қор көлемі қалыптасқан. Картоп пен қырыққабат бойынша бұл жұмыс әлі де жалғасып жатыр. 5 өңірде картопты контракциялау көлемі



қазір нарықтың қанығуы арзан ресейлік өнім есебінен жүретінін, ал отандық өндірушілердің қанттары сұраныстың төмен болуына байланысты зауыттардың қоймаларында екенін атап өтті. Қазақстандық өндірушілерді қолдау үшін қантқа ең төменгі көтерме бағаны енгізу мәселесі бірнеше рет қаралды. Алайда бұл шешім жазғы маусым аяқталғанға дейін кейінге қалдырылды.

«Бұрын бағаны тұрақтандырудың жаңа тәсілдерін іске асыру аясында өңірлік ӘКК айналым схемалары бойынша қант зауыттарына шикізат сатып алуға 14,3 млрд теңге бағытталған еді. Отандық қант зауыттарын қолдау үшін қосымша 9 млрд теңге айналым қаражатын жіберіп отырып, айналым схемасы бойынша қаржыландыруды қайта іске қосуды ұсынамыз. Бұдан басқа, бұрын жасалған шарттарды 1,5 жылға ұзарту орынды деп санаймыз», А.Әбілдабеков ұсыныстарын айтты.

Бағаны тұрақтандыру тетіктерін іске асырудың үлгілік қағидалары шеңберінде өңірлерді форвардтық қаржыландыру бойынша жұмыс барысы туралы Ауыл шаруашылығы вице-министрі Ербол Тасжүреков хабарлады. Ережеге сәйкес, аймақтар ақпан айында күзгі егіннен көкөніс сатып алуды форвардтық қаржыландыруды бастауы керек еді. Кейбір аймақтарда бұл жұмыс әлі аяқталған жоқ.

«Өңірлерге ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер мен қайта өңдеу кәсіпорындарына қаржыландырудың 70% бөлу жөніндегі талаптарды сақтау өте маңызды. Біз үлгілік қағидалар шеңберінде келісімшарт талаптарын сақтау бойынша бақылауды

ұсынылған көлемнен төмен. Бұл Атырау облысы (55%), Абай облысы (65%), Ұлытау облысы (74%), Алматы облысы (79%) және Ақмола облысы (92%).

Ауыл шаруашылығы вице-министрі әкімдіктер мен ӘКК-нің қырыққабат бойынша келісімшарт жасау жөніндегі әлсіз жұмысын атап өтті. Мәселен, 10 өңірде келісімшарттардың көлемі ұсынылатын қажеттілік көлемінен төмен. Оның ішінде үшеуінде қорлар 50%-дан аз қалыптасты. Бұл Ұлытау (30%), Алматы (45%) облыстары мен Астана (49%) қаласы. Қамтамасыз ету мониторингін көрсеткендей, 8 өңірде ұн бойынша іс жүзінде келісімшарттар жоқ немесе ауыл шаруашылығы вице-министрінің ұсынған көлемнің 50%-нан аспайды. Ақтөбе облысында күнбағыс майы мен күріш бойынша келісімшарттар жоқ.

«Барлық өңірлерге жағдайды түзетуге уақыт беремін. Жаз біз үшін алдағы уақытта бағаны тұрақтандыруға қор жинаудың жалғыз уақыты. Бір апта ішінде әлеуметтік азық-түлік тауарлары бағасының индексі нөлдік пайызды құрады, дегенмен уақытылы жұмыс істеген кезде дефляция болуы керек еді. Қызылордадағы күріш жәрмеңкесінің қорытындысы бойынша күрішті сатып алуға меморандумдарды тек 8 өңірдің әкімдіктері жасады. Олар 1,4 мың тонна күрішке келісімшарт жасады, ал ел бойынша шамамен 21 мың тонна қажет. Барлық өңірлер бүгін кеңесте белгіленген барлық міндеттердің орындалуын қамтамасыз етуі қажет», деп қорытындылады вице-премьер Серік Жұманғарин.

«Созақ үні»-ақпарат.



Үкіметте білім саласындағы кейбір активтерді мемлекетке қайтару мәселесі қаралды

Премьер-министр Әлихан Смайылов орталық мемлекеттік органдар, Бас прокуратура, БҚДА, ҚМА және басқа да ведомстволар басшыларының қатысуымен Экономиканы демонополизациялау жөніндегі комиссияның кезекті отырысын өткізді.

Жиында жоғары білім саласындағы бұрын жеке меншікке өткен кейбір активтерді мемлекет меншігіне қайтару мәселесі талқыланды.

Премьер-министр қазырылы мемлекеттік органдарға тиісті құжаттар мен шарттарды тексеріп, олардың заңдылығына қырыққабат баға беруді тапсырды. Бұл ретте Әлихан Смайылов аталған оқу орында-

рындағы оқу процесінің толық тұрақтылығын қамтамасыз ету қажеттілігіне тоқталды, өйткені басталған тексеру студенттерге де, университет қызметкерлеріне де қатысты емес.

Кеңесте Қарағанды облысының 30-ға жуық елді мекенін электр қуатымен қамтамасыз етіп отырған жеке меншік энергетикалық компанияның жұмысы да қаралды.

Кәсіпорын меншігіндегі электр желілерінің әбден тозығы жеткені атап өтілді. Осы ретте жөндеу жұмыстары жүргізілмейді әрі апаттық бригадалар тапшы. Жалпы тексеру барысында анықталған бұзушылықтар жойыл-

маған. Осыған байланысты жергілікті тұрғындар электр қуатының жиі себепсіз өшіп қалуына, электр қуатының тапшылығына, кері байланыстың толық болмауына және тағы басқа мәселелер бойынша шағымданып отыр.

Әлихан Смайылов кәсіпорынға қатысты жиналған материалдарды талдау және қалыптасқан жағдайға қырыққабат баға беру үшін Бас прокуратураға беруді тапсырды.

Сондай-ақ кеңес барысында теміржол көлігі саласында да бірқатар монополияға қарсы шараларды жүзеге асыру мәселесі қаралды.

Жұмысынан айырылған 110 мыңнан астам адам әлеуметтік төлем алды

2023 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан жұмысынан айырылуына байланысты әлеуметтік төлем алушылардың саны 110,6 мың адамды құрады. Оның ішінде 97,4 мың адамға төлем алғаш рет тағайындалды.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес жұмыстан босатылған жұмыскерлер міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысу өтіліне және соңғы 24 айдағы табысына байланысты 1 айдан 6 айға дейін жұмысынан айырылуы бойынша әлеуметтік төлемдер алады. Төлем жоғалған кірістің 45%-ына дейінгі мөлшерде МӘСҚ қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Төлем тағайындау үшін жұмыстан босатылған адамға:

eGov.kz порталында авторизациялану;
«Жұмысқа орналастыру және жұмыспен қамту» бөлімінде «Жұмыс іздеуші адамдарды тіркеу» қызметін таңдау;

онлайн-қызметке тапсырыс беріп, барлық жолдарды толтыру және оған ЭЦҚ-мен қол қойып, өтінімді жіберу қажет;



бір күн ішінде тұрғылықты жеріңіздегі мансап орталығы (бұдан әрі – МО) бос жұмыс орындарын ұсынады;

егер жұмыс табылмаса, 3 жұмыс күні ішінде қашықтықтан жұмыссыз мәртебесі беріледі (қажет болған жағдайда сізге МО қызметкері қосымша ақпарат жинау үшін хабарласады).

Айта кетсек, бұл қызметті онлайн режимінде Электрондық еңбек биржасы (enbek.kz) арқылы да алуға болады.

Жұмыссыз ретінде тіркелу туралы мәліметтер болған кезде Еңбекминің ақпараттық жүйесі проактивті форматта МӘСҚ-тан төлемді тағайындау бойынша қызмет көрсетуге келісу үшін мобильді телефонға SMS-хабарлама жібереді. Келіскен жағдайда SMS-хабарламаға жауап беру қажет. Төлем автоматты түрде тағайындалады.

Естеріңізге сала кетейік, МӘСҚ қаражаты есебінен жұмыстан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем жұмыстан шығу себептеріне қарамастан жүзеге асырылады және жұмыссыз адамды ол жұмыс іздеген кезеңде қолдауға арналған.



Қоғамдық кеңес назарында

Таяуда Шолаққорған-Құмкент бағытындағы 39 шақырым автомобиль жолдарына жүргізіліп жатқан орташа жөндеу жұмыстарына «Аманат» партиясының Созақ аудандық филиалы жанындағы партиялық бақылау комиссиясының мүшесі А.Сәлтековтың, Созақ аудандық Қоғамдық кеңестің мүшесі Т.Жұмақовтың, Түркістан облысының «Оңтүстік жолдары» МКК басқармасының жол жөндеу жұмыстарына техникалық қадағалаушы Е.Қалменовтың және РМК «Жол активтерінің ұлттық сапа орталығының» Түркістан облыстық филиалының инженері Б.Беріқұловтың қатысуларымен бақылау жұмыстары жүргізілді. Онда 6 шақырым жолға төселген асфальт жабындысының қалыңдығы тексеріліп, сметалық жобаға сәйкестігі анықталды.

Асфальт жолдарына төселген жабындының сапасын анықтау мақсатында 6 шақырым жолдың бойынан арнайы ұғымалар қазылып зертханалық зертелерге жол қабаттарының бірнеше үлгілері алынды. Алдағы уақытта жолға төселген асфальт жабындының сапасы анықталып, қорытындысымен жарияланатын болады.

Талғат ЖҰМАҚОВ,
Аудандық қоғамдық кеңестің мүшесі.

АБАТТАНДЫРУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖАЛҒАСУДА

Аудан орталығы ауданымыздың айнасы болғандықтан әкімдік тарапынан ең алдымен жол бойындағы тұрғын үйлердің сыртқы келбеті мен көшелердің тазалығына басым бағыт берілуде. Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков бұл бағыттағы жұмыс-



тарды күнделікті назардан тыс қалдырмау керектігін айтып, ауыл, кент округ әкімдері мен бөлім басшыларына тапсырмалар жүктеді.

Қазіргі таңда аудан әкімдігіне қарасты бөлім, мекемелер мен Шолаққорған ауылдық округ әкімшілігі тарапынан Қазыбек би мен М.Мәметова көшесінің бойында орналасқан екі қабатты, көп отбасылы тұрғын үйлердің қасбеттері әктеліп, қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді. Бұған қоса әлеуметтік нысандар мен саябақтар да қоса қамтылды.

Аудан әкімінің баспасөз қызметі.

АУДАН БАСШЫСЫ ШУ БОЙЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков Шу ауылдық округінің тұрғындарымен кездесті. Өткен кездесулерде тұрғындар тарапынан көтерілген мәселелердің орындалу барысына тоқталып, биылғы жылы атқарылар жұмыстарды баяндады.

«Шу өңірі алыс болса да, біздің назарымыздан тыс қалмайды. Мұнда белгіленген жоспардан тыс уақытта да келіп тұрамын. Бұған дейін сіздер ұсынған мәселелер аяқсыз қалмай, ретімен шешіледі. Биылғы жылы сұраныстарыңызға орай мал өлекселерін тастайтын «Беккери» шұңқырын салып, Абай және Мұқанов көшелеріне көше жарықтандыру жұмыстарын жүргізу үшін тиісті жұмыстар атқарылуда. Осында келіп, сіздермен кездесудегі басты мақсатымыз мұң-мұқтажтарыңызды тыңдап, соның төңірегінде тиісті жұмыстарды атқару,-деді аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы.

Ашық аспан астында өткен жиында тұрғындар бірқатар ұсыныс-пікірлерін жолдады. Сондай-ақ жеке мәселелері бойынша да жүгініп, жұмыспен қамту, денсаулық сақтау саласы бойынша өтініштерін жеткізді. Аудан басшысы көтерілген мәселелердің маңыздылығына тоқталып, шешу үшін жауапты мамандарға нақты тапсырмалар жүктеді.

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков Тасты ауылдық округінде болып,



старды атқарамыз,-деді аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы.

Жиында тұрғындар биылғы жылға бірқатар ұсыныс-пікірлерін жолдап, көкейде жүрген сауалдарын қойды. Сала мамандарына көтерілген мәселелердің шешу жолын заң аясында қарастырып, тиісті жұмыстарды атқаруды тапсырды.

Аудан басшысының Тасты ауылдық округі тұрғындарымен өткізген есептік жиынына аудандық мәслихат төрағасы Ордабек Жәмиев, бөлім және мекеме басшылары қатысты.

Биылғы жылы Қыземшек кент округінде тұрғындар сұранысына

Беккери шұңқырының құрылысы да жалғасуда. «Таңбалы тас» көшесіне балалар ойын алаңшасына салып, «Самал» балабақшасына барар жаяу жүргіншілер жолын қалпына келтіру үшін тиісті жұмыстар жасалуда.

Бұл жөнінде аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков Қыземшек кент округі тұрғындарымен өткен есептік жиында мәлімдеді.

Жиында тұрғындар бірқатар ұсыныс-пікірлерін жолдап, көкейдегі сұрақтарын жеткізді. Есептік кездесу соңында жеке мәселелері бойынша да жүгінді. Онда көтерілген сауалдардың маңыздылығы ескеріліп, сала мамандары тарапынан жауап берілді. Қосымша түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков кезекті есеп беру жиынын Жуантөбе ауылдық округінде жалғастырды. Жиынға аудан әкімдігінің бөлім, мекеме басшылары мен бірқатар сала мамандары қатысты.

Жиын барысында аудан басшысы атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталып, алдағы міндеттерді баяндады. Өткен кездесулерде тұрғындар тарапынан көтерілген өзекті мәселелер кезең-кезеңімен шешіліп жатқанын айтты.

- Сіздердің алдарыңызға келіп, жиналуымыздың басты себебі атқарылар жұмыстарды талқылап, шешу жолын қарастыру. Мұнда жиі келіп, атқарылып



белгіленген кестеге сай тұрғындармен кездесті. Онда биылғы жылы аудан көлемінде атқарылып жатқан жұмыстарды баяндап, алдағы жоспарларымен бөлісті. Сондай-ақ ауылдық округ тұрғындарымен алдыңғы өткізген есептік жиын барысында көтерілген мәселелердің орындалу барысына тоқталып, атқарылар жұмыстарды баяндады.

«Біз сіздермен нақты жоспарға сәйкес жұмыс жүргізу үшін тоқсан сайын кездесудеміз. Алдарыңызға келіп, кездесудегі мақсатымыз халықпен тығыз байланыста болып, өзекті мәселелерді талқылап, шешу жолдарын қарастыру. Бұған дейін айтылған барлық ұсыныстарыңыз назарға алынып, тиісті жұмыстар атқарылды. Өзім осы ауданның тумасы болғандықтан атқарылу керек мәселелер маған етене таныс. Биылғы жылы сұраныстарыңызға орай, мұнда 75 орындық мәдениет үйінің құрылыс жұмыстары жүреді. Біз мұнымен шектеліп қоймаймыз. Келер жылға да нақты жоспарларымыз бар. Осылайша түйіткілді мәселелерді кезең-кезеңімен шешіп, тиісті жұмыс-

орай тиісті жұмыстар атқарылуда. Қыземшек кенті аудан орталығынан шалғай орналасқандықтан кенттегі дәрігерлік амбулаторияға зертханалық аппараттар алынып, анализ тапсыратын лаборатория ашылды. Бұған қоса Таңбалы тас көшесін жарықтандыру бойынша құрылыс жұмыстары жүргізіліп, Т.Рысқұлов, Т.Момбеков, «Жастар», «Геологтар», «Жетіқоңыр», «Таңбалы тас» көшелерінің электр бағаналарын ауыстыру мақсатында құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар, мал өлекселерін тастайтын

жатқан жұмыстарды қадағалап тұрамын. Бұл жердегі мәселелерде маған етене таныс. Өткен жолғы кездесуде көтерілген мәселелер жөнінде тиісті жұмыстар атқарылуда. Сұраныстарыңызға орай, мал өлекселерін тастайтын «Беккери» шұңқырының құрылыс жұмыстары жүреді. Жуантөбе ауылдық клубының жылыту қазандығына ағымдағы жөндеу мен Қазыбек би көшесіне көше жарықтандыру жұмыстары жүргізілді,-деді аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы.

Жиын соңында тұрғындар ұсыныс-пікірлерін жолдап, бірқатар азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдады. Онда олар жұмыспен қамту, кәсіпкерлікті қолдау саласы бойынша сауалдарын қойып, өтініштерін жеткізді. Аудан басшысы айтылған мәселелерді толықтай назарға алынғанын айтып, жауапты мамандарға шешу жолдарын ұсынып, нақты тапсырмалар жүктеді.

**Аудан әкімінің
баспасөз қызметі.**





БИЛЕРДІҢ ҚАТЫСУЫМЕН ЖИЫН ӨТТІ

Аудан әкімдігінің мәжіліс залында Республикалық «Әділ билер» ҚБ-нің Созақ аудандық филиалы билерінің қатысуымен әділ билер жұмысын үйлестіру мақсатында жиын өтті. Жиынды аудан әкімінің орынбасары Ақәділ Сатыбалды ашып, жүргізіп отырды.

Жиынға «Әділ билер» РҚБ-нің төбе биі Серік Әбенұлы, РҚБ-нің төрағасы Бақытбек Жүніс, аудандық мәслихат төрағасы Ордабек Жәмиев және ауылдық округтердің ауыл билері мен бірқатар қоғамдық ұйым жетекшілері қатысты.

Жиында ауылдық округтерден сайланған билерге арнайы төсбелгі мен куәлік табысталды. Сонымен қатар, елдегі ұлттар мен ұлыстар арасындағы ынтымақ пен бірлікті және ұрпақтар сабақтастығын сақтай отырып, өскелең ұрпаққа өнегелі жол көрсету мақсатында атқарылар жұмыстардың бағыт-бағдары кеңінен сөз болып, аудан, ауыл билері алқасының жұмыстары таныстырылды. Жұмыс жүргізу бағыты

мен негізгі мақсаты түсіндірілді. Сондай-ақ түрлі жағдайларда орын алатын жастар арасындағы қылмыс пен құқық бұзушылық, тұрмыстық зорлық-зомбылық секілді келеңсіз жәйттердің алдын алу шаралары да қозғалды.

ЭКСПЕДИЦИЯ ауданымызда болды

Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияның төрағасы Ерлан Қарин облыстағы барлық қала, ауылдық округ, кент әкімдеріне қуғын-сүргінге ұшыраған адамдардың ұрпақтарынан естелік-әңгімелер мен мәліметтерді, құжаттарды фотоларды жинақтау бойынша тиісті жұмыстарды жүргізуді тапсырған болатын. Осыған



орай аудан, қалалардағы өңірлік комиссияның қатысуымен 10-20 шілде аралығында экспедициялық кездесулер жерлерде ұйымдастырылуда. Жақында сол экспедиция ауданымызда болды. Олар саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі облыстық комиссия мүшелері тарихшы, ғалым, Қ.А.Ясауи атындағы университеттің оқытушысы Оразхан Нұрлан, ғалым, Қ.А.Ясауи атындағы университеттің оқытушысы Оразбай Сержан, Түркістан облыстық қоғамдық даму басқармасы, «Қоғамдық келісім» КММ бөлім басшысы Әшірбаев Бақытжан мырзалар аудан әкімдігінің кіші мәжіліс залында ауданымыздағы ардагерлер кеңесі, аналар кеңесі, жергілікті өлкетанушылар мен тарихшылар, архив мамандары және белсенді азаматтардың қатысуымен дөңгелек үстел өткізді. Дөңгелек үстелді аудан әкімінің орынбасары Ақәділ Сатыбалды жүргізіп отырды. Онда көптеген мәселелер мен ұсыныстар ортаға салынды. Алдағы уақытта атқарар жұмыстардың барысы кеңінен талқыланды.

«Созақ үні»-ақпарат.

Мекеме қызметкерлері арасында өткен жарыс

Аудан әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің ұйымдастыруымен мекеме қызметкерлерінің арасында спорттық-мәдени сауықтыру кешенінде кіші футболдан жарыс ұйымдастырылды.

Жастарға салауатты өмір салтын насихаттап, спортшылардың шеберлігі мен бұқаралық спортты дамыту мақсатында ұйымдастырылған жарыста мекеме қызметкерлерінің арасынан құралған 9 команда қатысып, өзара бақ сынасауда.

Әр команда кездесудің алғашқы минуттарынан бастап айла-тәсілі мен тәжірибесін көрсетіп, өздерінің жеңіске деген ұмтылыстарын байқатты.

Жарыс халықаралық ФИФА бекіткен ережеге сай өткізілді. Жарыстың өту жүйесі ко-



манда өкілдерінің отырысында анықталды. Жарыста жеңіске жеткен командаларға арнайы диплом, кубок, медаль мен сый-сияпаттар табысталады.

Аудан әкімінің баспасөз қызметі.

Алаяқтықтың да жазасы бар екенін түсінетін кез туды

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (әрі-қарай ҚК) 190-бабында алаяқтық істің сипаты мен деңгейі сараланады. Алаяқтықты бөтеннің мүлкін жымқыру, алдау немесе біреудің сенімін теріс пайдалану жолмен бөтен мүлкіне ие болу дейміз. Соңғы жылдары осы санаттағы қылмыстардың артуына байланысты жаза қатандады. Алайда, өкінішке қарай оның сипаты да өзгеріп, алаяқтық көп ретте интернет қылмыстарға ұласты. Бүгінгі таңда сотқа келіп жатқан қылмыстар интернет арқылы біреудің мүлкін жымқыру, қаражатын иемдену, әртүрлі қаржылық пирамидалар, біреудің есепшоттарындағы ақшаны алаяқтық жолмен өзге біреуге немесе өзіне аудару секілді қылмыстар. Бұл санаттағы қылмыстарды жасайтындардың жас ерекшелігі мен жынысында да айырма болмай қалды. Қазіргі уақытта алаяқтықпен жастар да, орта жастағылар да, әйел адамдар да, балалар да айналысатын болды. Бірақ, Қазақстан Республикасы заңдары әркез «алаяқтың да салмағы барын» ескертеді. Мәсе-

лен, алаяқтық қылмыстар ҚК-нің 190-бабында мүлкі тәркіленіп, 1000 АЕК-ке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не 600 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. Алаяқтықтың сипаты өзгергенін сөз басында айттық, бұл қылмыс сонымен қатар топтық сипатта да жасалатынын ескерген жөн. Ол адамдардың алдын ала сөз байласуы немесе шендінің өз қызметін асыра пайдалануы, мемлекеттік сатып алулар мен тендерлер айналасындағы алаяқтықтар негізінде жазғе асып жүр.

Егер айыпталушы осы санатқа жатқызылса, онда оның мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып не 4000 АЕК-ке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не 1000 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не төрт жылға

дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. Халқымызда «Дәніккеннен құныққан жаман» деген тәмсіл бар. Өкінішке қарай, жастардың оңай табысқа бірден кенелгісі келетіні, әйел адамдардың сенімге тез кіретіні олардың алдағы бақытсыздықтарына себепкер болуда. Жеңіл жолмен келген ас тамақтан тез өткенімен, оның ертеңгі сұрауы бірнеше жылдардың өтуіне кететіні өкінішті. Осы тұрғыда, қарапайым азаматтарға жеңіл жолмен ештеңенің келе қалмайтынын, банктер ешқашан төмендетілген пайызбен, кезексіз несиелер немесе баспана бере қоймайтынын түсінетін кез келді. Кезек жылжыту, жүргізу куәлігін тез арада алып беру, таныс арқылы тесттерді сатып алу немесе алаяқтық санатына жататын өзге де қылмыстардың соңы ауыр жазаларға алып келетінін түсінетін уақыт туды.

Б.САГИНТАЕВ,
Созақ аудандық сотының судьясы.

Аталық алғысымды білдіремін!

Аудандық «Белсенді ұзақ өмір және Тең қоғам» орталығында 10-14 шілде аралығында 5 күн емдеу-сауықтыру шараларын қабылдадым. Барып келуім орталықтың есебінде болды. Осы аралықта ауыл ақсақалы деп құрметтеп барлық ем-домын, массажын жасап қас-қабағым



қараған орталық басшысы Оспанов Марат пен мамандары массажист Отаров Әлішерге, медбике Абдрахманова Динараға, жаттықтырушы Пірназаров Айдосқа, психолог Серікова Жазира қызыма шексіз ризашылығымды аудандық «Созақ үні» газеті арқылы алғысымды білдіргім келеді. Сондай-ақ орталықта кітапхана, бильярд, шахмат, теннис, асхана, психологиялық бөлме, тұз бөлмесі жұмыс жасайды екен. Жасы келген қарттар мен мүмкіндігі шектеулі азаматтар үшін барлық мүмкіндіктер қарастырылған екен. Орталықтың жұмысына толағай табыстар тілеймін!

Мырзахмет ЖЫЛЫСБАЕВ,
Ардагер ұстаз, Ұлы Отан соғысының ардагері,
Созақ ауданының Құрметті азаматы.

Дала заңдарының ислам шариғатымен байланысы

Әр халықтың өзіне тән, қоғамның дамуына байланысты ерекшеліктері болады. Мәселен, еліміздің ұлан-байтақ жерді алып жатуының өзі ғасырлар бойы халқымыздың бойындағы, батырлық пен ерлік дәстүрін тудырған. Қазақ – ұлттық дәстүрге ерекше мән беретін халық. Дін мен дәстүрдің қоғамдағы алатын орны жоғары, ұлттық құндылықтар дұрыс қалыптасу үшін де атқарар маңызы өте зор.

Қазақ отбасының басында әке тұратындықтан, туысқандық қатынастар әке жағынан басталып, «жеті атаға» дейінгі аралықтағы туыстар (жеті ата – 200 жыл шамасын қамтиды) «қандастар», «аталастар» саналады. Немере-шөбереге дейін – «ата баласы», ал жеті атаға дейін – аталастар, одан кейін – туысқан-руластар, тайпаластар, жүздестер саналған. Ал әйел жағынан туыстық «құда», «нағашы», «жиен» секілді жақындықтардан құралады. Отбасында әке рөлі күшті болған. Сондықтан да қазақтар пәленшенің баласы, пәленшенің ауылы деп, сол әке атымен атаған, бөлек үй болғанымен, өз атымен атамаған. Ислам діні ер азаматтың және әкенің орны ерекше.

Қазақтарда ұлдардың үлкені мен кішілерінің қарым-қатынасы әке мен бала қарым-қатынасындай. Үлкенді сыйлау, оны тыңдау – қазақтардың мықты ұстанған жолы. Үлкенді құрметтеп, сыйлағандарды тәртіпті, көрегенді санаған. Әрине, бұлар өздері ертең үлкен болып, қартайғанда соңғылары да өздеріне дәл осындай құрмет көрсететінін жақсы түсінген. «Әкеңе не жасасаң, алдыңа сол келеді», -деп халық текке айтпаса керекті. Оған Пайғамбар (с.а.с.) мына хадисі дәлел болады: «Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетпеген бізден емес», -делінген Пайғамбардың (с.а.с.) Әбу Даудтен жеткен хадисі бойынша.

Жаңа туылған балаға ат қою да көбіне ақылдасып шешілген. Дегенмен ұл балаға әкесі, қыз балаға шешесі немесе әпкелері ат қойған. Азан шақырып ат қою рәсімінде Пайғамбар (с.а.с.) өзінің немерелері Хасан мен Хусейн оң құлағына азан шақырып, сол құлағына қамат түсірген рәсімін орындап келеді. Исламға дейін бала есімдерін, Исламнан кейін оның әсерінен қойылған есімдерден оңай ажыратуға болады. Арабша мәнді есімдердің біразы Ислам әсерінен енген. Дегенмен Пайғамбар (с.а.с.) өзінің хадисінде: «Балаларыңа жақсы ат қойыңдар, өйткені олар сол аттарымен қияметте шақырылатын болады», -деген.

Қазақ жас балаларды еңбекке үйретуді ерте жастан бастаған. Үш-төрт жасынан қыз шешесіне, бала әкесіне жақын жүріп, солардың кәсіптеріне әуестене бастайды. Шешесі қызына үй тіршілігіне қажетті нәрселерді: тігіншілікті, тамақ даярлауды, қонақ күтуді т.б. үйреткен. О бастан-ақ қазақ халқының сүйікті ойындары: атпен шабу, садақ ату, қазақша күрес, аңшылық және т.б. қарқынды дамыған. Осының барлығы баланың жастайынан шынығып, мықты болып өсуіне, былайша айтқанда дене тәрбиесіне зор мән берілген. Байхақи ибн Омардың риуаяты бойынша Пайғамбар (с.а.с.) тәрбие мәселесінде өзінің хадисінде балаларға күрес, садақ ату, жүзуді үйретіңдер деп өсиеттеген.

Түркі халқына ортақ тұлғалар, жыраулар мен ақындар кейінгілерге діни уағыздың сара жолын салып кеткен, жұртты хақ жолына, өнер-білімге шақырып өткен. Мысалы, Ахмет Игінеки:

Бір Алла, өлтіретін, тірілтетін,
Көресің сен де оны көзің жетіп.
Иесі құдіреттің жалғыз Құдай,
Өлгендерді тірілту оған оңай,-десе, Мұқағали Мақатаев:

Дін – ғылымның атасы,
Дін – ғылымның анасы,
Ғылым – діннің баласы,-деп, ғылым білімнің негізі дінде жатқандығын еске салады. Бұдан қазақ халқының болмыс-бітімінің, мәдениеті мен әдебиетінің, салт-дәстүрінің Ислам дінімен біртұтас екендігін көреміз. Дін – адамдық ізгі қасиеттерімізді асқақтатса, салт-дәстүр – ұлт болып қалыптасуымыз үшін қажет. Дін бар жерде дәстүр, дәстүр бар жерде дін де бар деп айтуға болады. «Бірлігі бар елдің, берекелі тірлігі бар», -демекші, ел ішінде тыныштық пен тұрақтылық, ынтымақ пен бірлігі бар жерде ғана өсіп-өркендеу, ертеңгі күнге деген үкілі үміт болатыны айқын.

А.БОРИБЕКОВА,
теолог маман.

Мұсылман әлемі елдерін діни негізде біріктіретін негізгі тұғыр, бұл – ислам діні. Әлем мұсылмандарын мәдени өрлеуі мен идеялық ұйысуының жолдарын іздеуде мұсылман ойшылдары мұсылмандық шығыс елдерінің рухани мәдениеті мен қоғамдық саяси өмірін дамыту үшін ислам құндылықтарының маңызы туралы жиі айтыла бастады. Мұсылман дүниесінің рухани мұрасын зерттеу бір дінді ұстанатын түрлі халықтардың мәдениетін, философиялық ой мұрасын зерттеу мұсылмандық шығыстың ділі мен рухани жан-дүниесін ұғынуды қажет

да, рухани күйзеліске ұшырау, әртүрлі жіктерге бөліп, дағдарысқа ұшыратады. Қазіргі Қазақстан халқы рухани дағдарысты басынан кешіруде. Алпауыт елдер ең алдымен жаһандану дәуірінде кез келген елдің рухани бірлігіне нұқсан келтіруді тектен-текке көздемей анық. Рухани тұтастығынан айырылған елді көніс етіп алу ежелден келе жатқан дәстүр.

Әсіресе, ұйқыдан енді оянған нәрестедей қазақ халқын азғыру, соңына ерту оңайдың оңайы болып тұр. Тәуелсіздігімізден бергі он жыл ішінде жастарымыздың басқа діннің

алуы тиіс. Олай болмаған жағдайда мемлекет құрушы элементтерәлеуметтік жүйеден таба алмаған құрылымды аңсаумен, мемлекетке қарсы топ құруға бет алады. Бұл – мемлекет, құндылық және саясат теорияларында бар тұжырым. Осы психология ескерілмесе, оның орнын мемлекеттен тыс сыртқы күштер алып қоюы ықтимал.

«Құдайдан қорықпағаннан қорық», -деген даналық сөз бар. Алайда соңғы кездері қоғамдық көзқарас басқаша. Керісінше Құдайдан қорыққаннан қорқуға үндейтін көзқарастардың кең насихатталуы

Дін және саясат

етеді.

Қазақстанда дін және мемлекет қатынасы мен дін және құқық байланысы, зайырлық төңірегіндегі мәселелер талқыланғанда екі түрлі қателікті байқауға болады. Біріншісі, бұрынғы кеңестік жүйе шеңберінде қалыптасқан түсініктен шыға алмай зайырлықты дінсіздік (атеизм) ұғымына балама түрде қолдану қателігі, екіншісі зайырлық дегеніміз дінсіздік емес деп түсінетін, алайда оның қалай қолданыс табуынан, оның қағидаларынан бейхабар, өзі ұстанатын діни мүддеге қарай бейімдеуге тырысу қателігі.

Өкінішке орай атеистік тәрбие Ислам дінін алтын діңгегінен ажыратып, мәңгүрт ете жаздады. Қазіргі жаһандану дәуірінде «Бәле қайда? Бассаң аяқ астыңда», -дегендей, бізді сақтануға шақыратын мәселелер жетерлік. Қандай да бір қиындықтарды рухани біртұтастық алып шығары хақ. Алай-

шырмауында кетуі осыны айғақтайды. Дәл осылай үнсіз кете беретін болсақ, алдағы жылдарда қазақтың тең жартысы өзге діндерге өтуі ғажап емес. Сондықтан мемлекеттік тұрғыдан дін саясатына басымдық беріп, миссионерлік іс-әрекеттерге заң жүзінде тыйым салу қажет.

Ислам діні де үкім бергенде қоғамдағы құбылыс арқылы әрекет етуді ұстаным ретінде қабылдайды. Пайғамбар (с.а.с.) әрбір құбылыстың себеп-салдар байланысын негіз ретінде алған. Мысалы, қоғамдағы келеңсіз ахуалға бірнеше болымсыз себептер үдеріс арқылы тап болса, ол егер анықталса, онда сол болымсыз себептерді өзгерту керек екендігі ездiгiнен ортаға шығады.

Сонымен қатар, мемлекет өз құрушыларының сенімі, мәдениеті мен болмыстық құндылықтарын әлеуметтік өмірдің жүйеленуінде негіз ретінде

қоғам арасында пікір қайшылығын тудыруда. Қалыпты-қауіптіге, қауіпті-қалыптыға айналуға. Мемлекет зайырлық ұстанымды басшылыққа алатын болғандықтан саяси ислам деген анықтама ішіне кіретін фундаментализм, экстремизм, терроризм сияқты идеологиялық мазмұндағы, дінді құрал ретінде қолданып, елді тұтастыққа емес, бүлікке, тұрақсыздыққа, лаңкестікке, фанатизмге жетелейтін топтарға заңмен тыйым салуы тиіс. Мысалы ата заңымызда діни партия, идеологиялық платформа, ұлттық негіздегі саяси құрылымдарға рұқсат бермейді. Саяси сипат алған кез келген діни топтар мен жамағаттар егер бар болса, олардың критерийлері табылса, қоғамда көрініс тапса, әрине мемлекет араласып, заңмен тыйып отыруға тиіс.

А.БОРИБЕКОВА,
теолог маман.

АТАЛАР СӨЗІ ҰРПАҚҚА АМАНАТ

Халқымызда: «Қарты бар ел – қазыналы ел», «Ақсақалы сиреген ауылдан ар-иман қашады», -деген қанатты сөздер бар. Ертеден-ақ белгілі, қазақ халқы өзге тоқтаған ел. Сөз құдыретін біліп, «Сөз сүйектен өтеді» деген нақылдар халық арасында кеңінен етек алады. Қазақ халқы «Үлкенге құрмет, кішіге ізет» көрсетуі атадан балаға мирас болып, ізін жалғастырып келе жатқандығы тағы бар. Осы орайда қазақтың бетке ұстар қазыналы қариялары, би-шешендері жайлы сөз қозғамай кету жөн болмас. Қазақтың шамшырағы данагөй қария үш биі бар. Олар ұлт мүддесі үшін, халық арасында туындаған келеңсіз жайттарды шешіп, ақыл айтып, ел арасындағы татулық пен бірлікті түзетіп, жөн сілтеп отырған.

Қаз дауысты Қазыбектің мынадай шешендік сөздері бар: «Біз қазақ деген – мал баққан елміз, ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз. Елімізден құт-береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп найзаға үкі таққан елміз. Ешбір дұшпан басынбаған елміз, басымыздан сөзді асырмаған елміз, дәм-тұзды ақтай білген елміз, дәстүрімізді сақтай білген елміз», -деп Қазыбек би бабамыз айтқандай, ең далаңы жайлаған, көшпелі ғұмыр кешкен қазақ халқының өзіне тән, өзге ұлттардан ерекше-

лейтін салт-дәстүрлері бар. Салт-дәстүр, әдет-ғұрып атадан балаға қалып отыратын мол мұра. Халық тәрбиені балаға ана құрсағында жатқанынан бастайды. «Атадан қалған асыл сөз» шешен, билердің сөздері болашақ жастар үшін сарқылмайтын қазына.

Қаймағы бұзылмаған қазақы ғұрып тұрғысынан қарар болсақ, ата-әженің қоғамдағы рөлі өлшеусіз. Олар – ауылдың ұйытқысы, отбасы мен ошаққасының берекесі. Жүгенсіз кеткен жастарды жөнге салып, ыдыс-аяғы сылдырлаған шаңырақты қайта түзеуші, ренжіскен ағайынды татуластырып, ел-жұрттың бүтіндігін сақтаушы.

Ата-әже-ұрпақ тәрбиешісі ғана емес, отбасындағы барлық берекелі істің бастауы, жақсылықтың ұйытқысы болып табылады. Тәрбие ісіне үлкен кісілер араласқан жерде түсініспеушілік деген орын алмайды. Қариялар – ұлттың ұлт болып қалыптасуына, салт-дәстүрдің сақталуына, жас ұрпақтың дұрыс бағыт-бағдар мен тәлім-тәрбие алуына, дін мен ділдің, тілдің, басқа да асыл құндылықтарымыздың сақталуына, елдің бірлік пен ынтымақта өмір сүруіне бірден бір себепкер екені даусыз.

Тәрбиені қашанда құнды байлыққа балаған халқымыз бала тәрбиесіне ешқашан жүрдім-бардым қарамаған. Ал

оған ұлттық сипат беру – ұлт болашағын ойлаудан туған даналық. Сондықтан да «Ұлт боламын десең, бесіңді түзе», -деген еді жазушы Мұхтар Әуезов.

Бүгінгі отбасындағы бала тәрбиесіне келер болсақ, уақыттың ағымына орай үлкен өзгеріске ұшырап жатқаны жақсы емес. Бала ата-анадан гөрі теледидар мен ғаламтор тәрбиесін көбірек алып жатыр десек болады. Сонда біз болашақ ұрпағымызды тәрбиелерде неңдей бағыт ұстауымыз қажет деген ой көкейге ұялайды. Осы жолда бұрынғы дана Абайды тәрбиелеген – Зере әже, Шоқанға тәлім берген – Айғаным ананың тәрбиесін үлгі-өнеге етуге болады. Яғни, біз балаға ертегі айта отырып, жырларды жаттатқызып, салт-дәстүрімізді бойына сіңіртіп өсірсек, тәрбие дұрыс жолға негізделері анық.

Әр ұлттың өзіндік ерекшеліктері болатыны белгілі. Біздің тәрбиеміз ананың ақ сүтінен, ана әлдінен, атаның қасиетті сөздерінен бастау алады. Біздің халқымыздың тәрбие тәсілдері мен тәжірибелері өте көп. Халқымыздың әдет-ғұрпын, дәстүрін, тарихын білу, оны қастерлеу әрқайсысымыздың борышымыз.

А.ҚҰРМАНБЕК,
теолог маман.

ӘКЕМНІҢ ӘҢГІМЕЛЕРІ

(Жалғасы. Басы өткен санда).

Олар да мені байқаса керек, аттарының басын маған қарай бұрды. Қорыққаным ба, әлде шаршап шалдыққаннан ба, амандасуға зорға тілім жетті. Дауысым қырылдап, қасқыр сияқты бір үн шығардым-ау деймін, ана екі кісі мені көріп, шошып кетті. «Әй, балам-ау, амансың ба, саған не болған, түрің бұзылып кетіпті ғой?» – деп аттарынан түсіп, мені ортаға алды. Ол кісілердің не айтып жатқанын онша түсінбедім, бірақ өзім күле беремін. Үлкендеуі, мұрт қойған қара торы кісі, маған торсығынан қымыз беріп, «мынаны іш» деп бәйек болып жатыр. Кішісі менен бір-екі жас үлкен болса керек, арқамнан қағып-қағып қояды. Екеуіне мені қасқырлардың қамағанын, атымның аяғы сынып, жолда қалғанын айтып бердім. «Ой, Аллаай, Жаратқан өзіңді сақтаған екен!» деп таңғалысып жатыр. Бірақ Шойынбай молданың тапсырмасын айтқаным жоқ. Үлкен кісі кімнің баласы екенімді, руымды сұрап жатыр. Руым – бұзау тама, әкем Сегізбай – Шотанның баласы екенін айтып едім: «Е-е, ол кісілерді білеміз қарағым, Шойынбай молданың туысы екенсің ғой» деп риза болып жатты. «Осы жерден бес-алты шақырым жерде Талапты деген шағын ауыл бар, соған жетіп демаларсың, ол жерде де өзіңнің ағайын-туыстарың бар, соларға жолығарсың» деп менімен қоштасып, жүргелі тұрғанда: «Аға, сіздер кім боласыздар?» – деп едім, екеуі қарқылдап күлді де: «Жігіт екенсің, жөн сұрауға жарап қалыпсың ғой, – деді де, – Менің атым Көгедей, мынау менің інім Имаш, екеуіміз жоқ іздеп шыққанбыз», – деп сөзін сабақтады. Сол жерде ол кісілермен қоштасып, жүріп кеттім.

Мәлік төре

Қызылтақырды жағалай қонған ауыл тұрғындары күнделікті күйбең тіршілікпен айналысып, әркім өз жұмыстарын жасап, өмір кешіп жатқан болатын. Сондай жайбарақат күндері «ауылға Мәлік Төре келе жатыр» деген сыбыс шыға бастады. Ел арасында «Мәлік төре», «Мәлік батыр» деген лақап көптен тарап кеткен болатын. Шойынбай молда басқаратын он шақты үйдің адамдары кісі күтуге жаппай кіріскен.

Сол кезде ауылдың ересек баласымын. Жасым он жетіде келіп қалған кез. Кәсібім – ауылдың ірі қара малдарын қарау. 1917 жылдары орыс патшасы құлады. «Жаңа өкімет байлардың малын тартып алады» деген өсек-аяң да еміс-еміс естіліп, кейбір ірі шонжар байлар шетелге малын айдатып, қашып жатқан кездер де болып жатты. Бір сөзбен айтқанда, дүрбелең кез болатын. Ал мен ауылға сыймай, не істерімді білмей, сандалып жүргенмін. Мал бағудан әбден мезі болып, барар жер, басар тау таппай, аласырып жүрген кезім.

Қош, сонымен намаздыгер уақытында ауылға он шақты аттылы адам ат басын тіреді. Олар алдарынан шыққан төрт-бес қария кісілермен амандасып жатты. Мен оған мән берген жоқпын. Аттылы кісілердің арасынан Мәлік төрені іздеп, атын байлап, өзін көргенше аптығым басылар емес. Дегеніме жеттім. Қарагер қазанатқа мінген қапсағай денелі кісінің дәл алдынан шыға келіп, шылбырына жармастым. Екі көзім аттылы кісіде. Сондағы ойым – «батыр деген қандай болады?» деген ой. «Әй, жігіт, іні деген ағамен амандаспай ма?» деген гүр еткен дауыстан селк ете қалғанымды өзім

де сезбей қалдым. Мәлік төре ат шылбырын қолыма бере сала, қарияларға қарай кете барды. Мен болсам ұзағанша артынан бажайлап қарап тұрдым. Сондағы аңғарғаным: денесі өте ірі, мен ол кісінің иығынан келеді екенмін, қолдары, әсіресе саусақтары өте ірі көрінді. Жаз болса да үстіне шапан киіп, белін (күмістен қапталған болу керек) белбаумен байлаған. Белбауында өрнектелген қынабы бар қайқы қылыш бекітілген. Қамшысы екі бүктеп етігінің қонышына тығып қойыпты. Басында құндыз бөрік. Кісілердің бәрі үйге кіріп кеткен соң, Мәлік Төренің атын айналып қарап шықтым. Ерекше ешнәрсе байқамадым. Тек қайыспен сабынан байланған ағаш шоқпарды көзім шалды. Ол кездері ондай шоқпарлар еркегі бар үйдің көбінде болатын.

Түн болды. Тамақ дайын болып, екі жас баламен бірге табақ тартумен жүрмін. Ас ішіліп жатыр. Бір кезде кіріп-шығып жүрген маған қарап: «Әй, жігітім, кел, мынаны асап жібер» деп оң қолымен май аралас еті бар алақанындағы асты маған ұсынды. Қасындағы кісілер де «аса, асап жібер» деп қолпаштаған соң, тізерлеп барып асай бергенім сол еді, қолындағы ас аузыма сыймай, дастарқанға төгілді. Ұялғанымнан далаға атып шықтым. «Мынау Мәлік төре менің аузыма бір қолымен бір табақ етті аудара салған ба?» деген оймен әлекпін.

Ел тынышталып, қонақтар далаға шығып, таза ауа жұтамыз деп жүргенде, мен оябын тауып, Мәлік төренің қасына келдім. Ай-шай жоқ: «Аға, мен де мына жігіттер сияқты сіздің нөкеріңіз болайыншы», – деп өтіндім. Мәлік Төре сәл үнсіз тұрып, бір мезетте: «Өзіңнің қолыңнан бір нәрсе келе ме?» – деді. Намыстанып кетіп: «Ондай десеңіз, сынап көріңіз», – деп қойып қалдым. «Сынақты қайтесің, бір уыс етті асай алмай, қақалып қала жаздадың» деп күлді. Сонда қасындағы бір-екі жігіт «Алыңыз, Мәке, өжет жігіт көрінеді» десті. «Жарайды, – деді де, сәл үнсіздіктен соң, – ана ағайындарың рұқсат бере ме?» – деп сұрады. «Ол істің ретін өзін табамын» – деп жауап бердім. Қонақтар демалуға беталған кезде әкемнің туған інісі Шойынбай молданың үйіне бардым.

– Аға, мен ауылда осылай делқұлы болып сандалып жүргенше, Мәлік төренің қасына еремін. Ел көрейін, жер көрейін, адам қатарына қосылайын. Бұл ауылда маған енді не бар, – дедім.

Сабырлы кісі еді Молда аға: – Шешенді қайтесің? – деді үнсіз отырған ол, – жалғыз, бір үйде қалай өмір сүреді, соны ойладыңба? – деп маған тесіле қарады.

– Несі бар осы Бетпақтың даласында жүрміз ғой, уақыт тауып келіп- кетіп жүреміз, тапқан-таянғанымды анама әкеліп беремін, – деп сусылдатып жатырмын.

«Алла алдыңнан жарылқасын, шешеннің алдынан өт те бара бер, – деген ағаның батасын алып, үйге келдім. – Айтпады деме, егер ауылдан хабар ошарсыз кететін болсаң, анаңды бір қайынысына қосамын деген сөзі» көпке дейін құлағымнан кетпеді. Өйткені ес білгелі анамды ешкімге әйелдікке бергізбей жүрген шағым еді.

Үйге келіп, анама барлық ойымды түгел ақтарып салдым.

Ол:

– Бар, балам, құдай алдыңнан жарылқасын! Мәлік төре елге сыйлы азаматтардың бірі деп естігенім бар, ауылдамын ғой, бір нәрсе қылып күнімді көрермін, сенің болашағыңды байламайын, – деп сөзін аяқтады.

Қарымта

Бетпақтың кең даласындағы жайлауларда тама, табын, қоңырат, найман, т.б. көптеген рулардың шағын ауылдары болатын. Солардың арасындағы, дау-дамайды, әсіресе малға байланысты дауларды шешетін осы Мәлік төре екенін мен осы жолы білдім.

Таңсәріде он екі аттылы ауылдан күншығысқа қарай жүріп келеміз. Түс ауа алдымыздан бұрқыратып, шаң шығара шауып келе жатқан екі аттылы кісіні көрдік. Жақындап келген жігіттің бірі «Мәлік төре, жау шапты!» деп айқайлап келіп амандасты. У-шудың арасында менің ұққаным: Шекебай деген ауылдың он шақты жігіті түнде Мәлік Төренің ауылына көршілес қонған бір ауылдың жүз бес бас жылқысын барымталап, Қытай шекарасына қарай айдап кеткен көрінеді. Хабаршыларды тыңдап болып, Мәлік төре бізге: «Сендердің алты-жетеуің менімен жорыққа шыққан емессіңдер, сондықтан сендерге айтарым мынау, есте сақтаңдар: Мен қарсыластарға шапқанда алдыма түсуші болмаңдар, менің оң және сол жағымды қорғап, қалғандарың арт жағымды қорғаштаңдар. Қарсы келген адамды еш уақытта шоқпармен бастан ұрмаңдар, ұры болса да. Ол – қазақтың баласы, қазақты қазақ өлтірмеу керек, ол үшін ұрыны шоқпармен жон арқадан немесе жуансаннан ұрсаңдар, ол өзі-ақ аттан құлап түседі» деп түсіндірді.

Мәлік Төренің бастауымен он төрт адам болып бірде шауып, бірде желіп келеміз. «Біз оларды таңсәріде қуып жетеміз, – деген Мәлік төре бір үлкен қырдың басына келгенде, – тыныстап алайық», – деді. Күн батып қас қарайған кез. Мәлік төре аспандағы жылдыздарға қарап, бір нәрсе ойлап тұрғандай көрінді. Бір кезде «былай жүреміз» деп, күншығысты сілтеді.

Бастапқы жүрістен танбай ұзақ жүрдік. Таң бозарып атып келеді. Кенет бір жігіттің «әне» деген шаң еткен дауысы шықты. Бәріміз жігіттің сілтеген жағына қарадық. Ат шаптырымдай ойпаң жерде үйіріліп тұрған мың қара жылқыны көрдік. Бір жарым тәулік ұйықтамай жол жүргендіктен, бәріміз шаршап, қалжырап келе жатыр едік. Оның үстіне мінген аттарымыз да болдырып қалған болатын. Соған қарамастан Мәлік Төре: «Қанекей, жігіттер, кеттік!» – деді. Жылқыға қарай шаба жөнелдік. Ұрылар бізді байқады білемін, жағалай жылқыны қоршаған отыз-қырық қара адам топтаса, бізге қарай олар да атой салып шауып келе жатты. Мәлік Төре алдымызда біз де баяғы төренің айтқан тапсырмасымен үш адам оң, төрт адам сол жағында, қалғаны арттымызда шауып келеміз. Мен әдейі Мәлік Төренің оң жағында қатарласып келемін. Мәлік Төренің сілтеген шоқпарынан ба, әлде қорыққанынан ба менің қасымнан біреу, одан тағы біреу сырғып аттан түсіп жатты. Менің шоқпар сілтемек түгілі, шоқпарымды көтеруге де мүмкіндік болмады. Айқасқан екі жақ қарама-қарсы жаққа өтіп, кері айналғанда ортада жеті-сегіз аттылы кісінің төңкеріліп жерде жатқанын көрдім. Кенет жаңағы барымташылардың біреуі:

– Әй, сен, Мәлік Төре емессің бе? – деп сұрақ қойды.

– Несі бар, болсақ, болармыз, – деп жауап берді Мәлік Төре. Содан Мәлік Төре бізге қарап:

– Мына жылқының жартысын бөліп айдап шығыңдар, мен осы жерде тұрамын, – деді. Жаңағы жігіт: – Әй, Мәке, кешір бізді, сенің бұған

қатысың бар екенін біз білген жоқпыз, – деп ақталып жатты. – Мәлік төре, жылқының бәріне тимеңізші, керегіңізді алыңыз, – деп шырылдаған дауысы шығып, атының басын бізге қарай бұрып, жай аяңмен келе жатты. Жаңағы батыр жігіттердің бірде-біреуі орнынан қозғалмай, қалшыып тұрып қалды. Шіркін, қазақтың қара күшінің құдіретін-ай!

Бөлінген жылқыны айдап шығып, артымыздан ешкім көрінбеген соң, ат шаптырым жерге барып, Мәлік төре бір жабағыны сойдыртты. Отқа қақтап жеп, аздап демалып, ауыл қайдасың деп тартып отырдық. Сауысу бойына орналасқан он-он бес үйлі шағын ауылға бас тіредік. Бұл – осы Мәлік Төренің ауылы еді. Қызығы сол, бұл ауылдың тұрғындары жас жігіттер екен. Негізінде Мәлік Төренің жасақтары десем, қателеспейтін шығармын. Бірен-саран үйленген жігіттер болмаса, көбісі сұр бойдақ, олардың қызметі – кезек-кезек мал бағу, оны қорғау, ал көбісі жаңағы барымташылар екен. Кәсібін ауыстырғысы келіп немесе үй болып, т.б. себептермен кеткісі келетін жігіттерді Мәлік Төре еншісін беріп, шығарып салып, ал орнына өзге жігіттерден толтырып отыратын кісі екен.

Арада біраз уақыт өтті. Мәлік төре тағы бір жорыққа қамданды. Онысы – Шу өзенінің бойында Әбдуәли деген бай еді. Әбдуәлидің сен тұр, мен атайын дейтін төрт ұлы бар екен. Сол ұлдары айналасында орналасқан тоғыз ауылға тыныштық бермесе керек. Соны естіген Мәлік Төре оларды сабасына түсірейін деген мақсатпен мән-жайды барлап, бір шешімге келді. Төренің айтуына қарағанда, Әбдуәлидің асыл тұқымды ақ алты аруана түйесі қорада күндіз-түні байлаулы тұрады екен. Оның ұлдары сол түйелерді ардақтап күтіп баптайтын болған. Ендігі жерде Мәлік Төре осы алты нарды алып кетуге байлам жасап, төрт жігітті өзіне шақырып алды. Соның біреуі – мен. Үйге кіріп отырған соң, төреде отырған Мәлік Төре:

Сағындық, сен менің ойымнан шығып жүрсің, сондықтан саған арнайы тапсырма бар. Сенің міндетің – қамыс қораға білдірмей кіріп, түйелердің бұйдасын қиып, білдірмей айдап шығу, ал Әділ мен Әли екеуің, шыққан малды айдап кетесіңдер. Ал Махан екеуіміз қуғынға адам болса, Ақтөбенің тасасында күтіп аламыз, – деп, жоспарын түсіндірді.

Түн қараңғысын жамылып бес адам болып шықтық. Діттеген ауылға едәуір жер қалғанда Мәлік Төре серігімен осы жерде қалатын болды. Қалған үшеуіміз ат дүбірі естімейтін жерге келгенде қасымдағы екі жолдасым қалып, мені осы жерде күтетін болды. Түн ортасы болған шақ, аттан түсіп, атымды жетектеп, жаяу жүріп келемін. Дорбадағы қойдың екі жілік етін дайындап келемін, ондағы ойым – жаяу жүргіншіге иттер аса қатты жауласпайды, жаяу жүргенім сондықтан; ал иттер жүгіре қалса, жіліктерді лақтырып алдандырамын. Адамның нағыз тәтті ұйқыға кететін уақыты еді. Ауылға таянғанда алдымнан дәу қара төбет арсылдап шықты. Етімді алдына лақтырып жібердім. Қайдан шыққанын байқамадым, тағы бір ит арсылдап келеді екен, етті сасқанымнан қолымнан түсіріп алып едім, екеуі дебіріңші тастаған жілікке жармасып, таласып кейін қарай тұра қашты.

Абсамат СЕГІЗБАЕВ,
зейнеткер ұстаз,
Қыземшек ауылы.
(Жалғасы бар).

Конго-Қырым қанды (геморрагиялық) қызбасы ауруынан сақ болыңыздар

Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы (КҚГҚ) – бұл вирус қоздырғышынан туындайтын аса қауіпті жұқпалы ауру, науқас дер кезінде медициналық көмекке жүгінбеген жағдайда, өлім жағдайына әкеліп соқтыруы мүмкін.

Ауданымызда кене шағу жағдайы бүгінгі күнге дейін 58 жағдай тіркеліп отыр (Шолаққорған а.о.-29, Құмкент а.о.-1, Жартытөбе а.о.-5, Сызған а.о.-1, Қаратау а.о.-3, Жуантөбе а.о.-5, Тасты а.о.-6, Қыземшек к.-5, Таукент к.-3). 2022 жылдың 14 шілдесіне дейін 14 жағдай тіркелген болатын. Салыстырғанда 3 жағдайға кеміген.

Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы ауруының негізгі клиникалық көріністері: инкубациялық кезең (ауру қоздырғышын жұқтырғаннан аурудың алғашқы белгілерінің пайда болуына дейінгі мерзім) 1-14 күнге дейін созылады, бұл кезеңнің ұзақтығы вирусты жұқтыру жолына байланысты болады.

Аурудың алғашқы белгілері: дене қызуының кенеттен 39-40 С-қа дейін көтерілуі; қатты бас ауыруы; көздің қызаруы; бет, мойын және дененің жоғарғы бөлігінің қызарып, ісінуімен және мойын, арқа, белдің ауыруымен; лоқсу немесе құсу; іш ауыруы немесе өтуі;

Ауру одан әрі дамыған жағдайда: денеде бөртпелердің пайда болуы; мұрыннан, қызыл иектен, жатырдан, асқазаннан қан кету белгілері; ине енгізу орындарында қанталау (гематомалар) белгілерінің байқалуымен сипатталады.

Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы қалай жұғады?

Негізгі жұқтырушы және ауру қоздырғыштарын тасымалдаушы кене болып табылады. Адамның ауруды жұқтыруы жұқпаланған кене мен қатынаста немесе кене шаққан жағдайларда, Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы ауруымен ауырып жатқан науқас адамға күтім жасау кезінде науқастың қаны және ағза бөлінділері, сыйықтықтары арқылы және КҚГҚ қоздырғышымен залалданған медициналық құралдармен жанама байланыс арқылы жұғуы мүмкін. Сондай-ақ, ауылшаруашылық жануар-

лары, жабайы сүт қоректілерде (қояндар, кеміргіштер, кірпілер және т.б.) табиғи резервуар және қоздырғыш көзі болып табылады.

Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы ауруының алдын-алу:

-табиғи ошақ аумағында орналасқан елді мекендердегі жануарларды, қора-жайлармен үй жайларының аумағын кенеге қарсы залалсыздандыру;

- кенеге қарсы залалсыздандыруға елді мекендердегі мал шаруашылығы қора-жайларын, жеке аулаларды кенеге қарсы өңдеу басталғанға дейін (қидан, қоқыстан) тазалау;

-табиғи ошақтарда орналасқан тұрғындар малдарды күтіп қарағанда, қырқым кезінде кенелердің шабуылынан сақтану және кене қанымен жанасты болдырмау мақсатында жеке қорғану үшін арнайы киім кию қажет (қалпақты комбинезон, шалбардың балағын шұлықтың ішіне салу, жақсы қорғалған аяқ және бас киім, резіңке қолғап);

-табиғатқа демалысқа шыққанда кененің жабысқаны көрінетін ашық түсті, жақсы қорғалған, резеңкелі манжетті жеңі ұзын көйлек кию қажет. Денеге кененің жабысқанын тексеру үшін өзіңізге байқалмайтын орындарды (мойын, бастың шаш бөлігі, дененің артқы жағы, т.б.), бір-біріңіздің үстериңізді мұқият қарап отыру қажет. Дененің ашық жерлеріне және киімге кенелердің шабуылынан қорғайтын немесе оны өлтіретін арнайы сақтану құралдарын қолдану қажет;

-кене шаққанда немесе кенемен жанаста болу арқылы аса қауіпті инфекцияны жұқтыру мүмкін болғандықтан, өзіңізді және өз жанұяңызды қорғау үшін міндетті түрде жеке басты қорғау, сақтану құралдарын пайдаланыңыз!

Кене шаққан немесе кенемен жанаста болған жағдайларда міндетті түрде медициналық ырымға қаралып және 14 күн медициналық бақылауда болуыңыз қажет.

Х.ОСПАНОВ,
Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы.

Хабарландыру

Аудан тұрғындарының назарына!!

Конго Қырым геморрагиялық қызбасы ауруына кенеге қарсы 2-кезеңдегі залалсыздандыру (дезинсекция) жұмыстары шілде айынан басталатынын ескерте отырып, залалсыздандыру жұмыстары сапалы жүргізу мақсатында, үй іргелік қора жай және оған жапсарлас аумақтарды механикалық тазарту (көң, қилардан тазартып, әктеу, сырлау, астаулардың астын тазалау) жұмыстарын жасауларыңызды сұранамыз.

Ескерту: Тазаланбаған үй іргелік қора жайларға кенеге қарсы залалсыздандыру жұмыстары жүргізілмейді. Ірі қара малдарды (мүйізді ірі қара, жылқы, түйе) бүрку, майда малды тоғыту және үй іргелік қора жайларды және оған жапсарлас аумақтарды залалсыздандыру жұмыстары «тегін» жүргізілетінін ескертеміз.

ТО Ветеринария басқармасының «Ветеринариялық қызметі» ШЖҚ Созақ аудандық филиалы.

Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы №561-IV «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңына сәйкес азаматтарды әскери қызметке шақыру-бұл әскери міндеттілік негізінде Қарулы Күштерді жеке құраммен жасақтауға бағытталған мемлекеттік органдар жүргізетін іс-шаралар кешені.

Осыған байланысты аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімі Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы №561-IV «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңының 37, 40 баптарына сәйкес запастағы сержанттар мен сарбаздарды 2023 жылы Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің төменде көрсетілген әскери бөлімдерінің бос лауазымдарына келісімшарт бойынша әскери қызмет етуге іріктеу жұмыстарын жүргізуде.

Мен келісімшарт қызметін таңдадым!

Запастағы сержанттар мен сарбаздарды:

-«Оңтүстік» Өңірлік қолбасшылығының 91678 әскери бөліміне – 1 адам;
-«Шығыс» Өңірлік қолбасшылығының 10810, 28738, 32388 әскери бөлімдеріне – 5 адам;
-«Батыс» Өңірлік қолбасшылығының 25744, 75488, 30238, 99250 әскери бөлімдеріне – 4 адам;
-«Астана» Өңірлік қолбасшылығының 31775, 36352 әскери бөлімдеріне – 2 адам;
-Тікелей байланыстағы 30212, ҚӘ ӘИ – 2 адам;
-ҚР ҚК ҚӘ 36814 әскери бөліміне – 1 адам.

1.Әскери қызмет өткеру туралы келісімшарт

Келісімшарт бойынша әскери қызмет осы Заңның 6-тарауының 37,40 баптарына сәйкес Қазақстан Республикасының азаматы Қарулы Күштердің уәкілетті лауазымды адамымен әскери қызмет өткеру туралы келісімшарт жасасады.

Келісімшарт ерікті түрде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкесекі тарап арасында жазбаша түрде жасалады.

Әскери қызмет өткеру туралы келісімшартта азаматтың әскери қызметке кіруінің еріктілігі, азаматтың әскери қызметті өткеруге міндеттенген мерзімі және келісімшарттың басқа да талаптары бекітіледі.

Әскери қызмет өткеру туралы келісімшарттың талаптары азаматтың келісімшартта белгіленген мерзім ішінде Қарулы Күштерде әскери қызмет өткеру міндеттілігін қамтиды. Келісімшарт талаптарында Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жеңілдіктер, кепілдіктер мен өтемақылар алу-ды қосаалғанда, азаматтың өз құқықтары мен өзінің отбасы мүшелері құқықтарының сақталу құқығы көзделеді.

Запастағы офицерлер әскери қызмет өткеру қағидаларында айқындалған тәртіппен тиісті әскери-есептік мамандығына ұсас лауазымға келісімшарт бойынша әскери қызметке кіруге құқылы.

2.Келісімшарт бойынша әскери қызметке кіретін адамдарға қойылатын талаптар

1.Келісімшарт бойынша әскери қызметке кіретін адамдарынадай талаптарға сай келуге;

1)Қазақстан Республикасының азаматтығына ие болуға;
2)әскери лауазымға сәйкес келетін әскери-есептік мамандығы болуға.

2.Келісімшарт бойынша әскери қызметке:

1) сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп таныған;
2) әскери-дәрігерлік комиссияның қорытындысына сәйкес әскери қызмет міндеттерін орындауға кедергі келтіретін ауруы бар;

3) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектеулерді өзінеқабылдаудан бас тартқан;

4) бұрын сотталған немесе ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылған не оған қатысты қылмыстық қозғалған;

5) әскери қызметке кірер алдындағы екі жыл ішінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін тәртіптік жауаптылыққа тартылған;

6) әскери қызметке кіргенге дейінгі үш жыл ішінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін сот тәртібімен әкімшілік жаза қабылданылған;

7) тұрғылықты жері бойынша ішкі істер органдарынан анықтама;

8) жергілікті ҰК-нен экстремистік және террористік ұйымдарда тіркелмегендігі туралы анықтама;

9) интернатураны аяқтағаны туралы анықтама сертификаты(медицина қызметінің мамандарына)

10) әскери қызметке кіргенге дейінгі бір жыл ішінде қасақана құқық бұзушылық жасағаны үшін сот тәртібімен әкімшілік жаза қолданылған;

11) егер босатылған күннен бастап үш жыл өтпеген болса, мемлекеттік қызметтен немесе әскери қызметтен теріс себептер бойынша босатылған адамдар қабылданбайды.

3. Келісімшарт мерзімі және оны жасасу тәртібі

1. Әскери қызметті өткеру туралы келісімшарт:

1) үш жылға-әскери қызметкеалғаш кіретін адамдар үшін;
2) бес жылға;

3) он жылға;
4) әскери қызметте болудың шекті жасына толғанға дейін.

4.Жеңілдіктер

«Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңының 8-тарауында әскери қызметшілерді және олардың отбасы мүшелерін әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері қарастырылған.

Соның ішінде, әскери қызметшілерге ақшалай үлес, жәрдемақылар мен басқа төлемдер төлеу, тұрғын үймен қамтамасыз ету, демалыстары,мемлекет есебінен медициналық көмектермен қамтамасыз ету және тағы басқалар бар.

Аталған заңның 44-бабының 8-тармағына сәйкес, әскери қызметшілер мемлекет есебінен қызмет бойынша ауысқан, әскери қызметтен шығарылған кезде, стационарлық емделуге барған және кері қайтқан кезде теміржол, әуе, су және автособиль көлігімен жол жүруге, сондай-ақ, қызметі бойынша көшіп-қону кезінде он тоннаға дейін жеке мүлкі тасымалдауға құқылы.

Осы заңда көзделген жағдайларда әскери қызметшілерге Қазақстан Республикасының аумағы бойынша көлікте жол жүруге және пошта жөнелтілімдеріне арналған басқа да шығындар өтеледі.

Келісімшарт бойынша әскери қызметшілер қашықтығы 100 шақырымнан астам бір елді мекеннен басқасына қоныс аударуға байланысты қызмет бабымен ауысқан кезде (оның ішінде әскери бөлім немесе бөлімше құрамында) оларға әскери қызметшінің өзіне екі айлық ақшалай қаражаттың жартысы мөлшерінде көтерме жәрдемақысы төленеді. Әскери қызметшілерді тұрғын үймен қамтамасыз ету тәртібі заңның 45-бабында қарастырылған.

Тұрғын үйге мұқтаж әскери қызметшілер мен олармен бірге тұрақты тұратын отбасы мүшелері-жұбайы (зайыбы); ортақ немесе ерлі-зайыптылардың біреуінің кәмелетке толмаған(асырап алынған, асырауында немесе қамқорлығында болатын) балалары, күндізгі оқу нысаны бойынша білім беру ұйымдарында оқитын жиырма үш жасқа толмаған балалар және жұбайының (зайыбының) балалары; он сегіз жасқа толмаған мүгедек балалары және әскери қызметшінің асырауындағы ата-аналары мемлекет есебінен әскери қызмет өткеру кезеңінде тұрғын жаймен қамтамасыз етіледі.

Әскери қызметшілерді тұрғын үймен қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қатынастары туралы» заңында көзделген тәртіппен жүргізіледі.

Сонымен қатар:

-айына бір рет коммуналдық төлемақы (тұрғын үй, сымтетік, су ақысы);

-киім-кешек мүлігімен жабдықтау нормалары, жмыс киімі (әскери киім) тегін;

-жылына бір рет негізгі демалысқа шығар кезде екі айлық көлемінде ақшалай көмек(емдеу-сауықтыру);

-тұрғын үйді жалға алғаны үшін кепілді өтемақы;

-офицерлердің ақшалай үлесі;

-көтерме жәрдемақы, үстеме және басқа да кепілдіктер;

-ауруханаларда, әскери госпитальдарда әскери қызметшілердің жанұясына емделу тегін.

Егер Сіз, өз тағдырыңызды Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерімен байланыстырғыңыз келсе, аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімімен хабарласыңыз.

Байланыс сымтетігі: 4-15-92.

Аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімі.

ТІС ЕМДЕУ КІМДЕР ҮШІН ТЕГІН?

МӘМС бойынша сақтандырылған азаматтарға дантист қандай жағдайда тегін көмек көрсетуі тиіс?

ШҰҒЫЛ ЖАҒДАЙДА:

- КІМДЕРГЕ?
- 1.18-жасқа дейінгі балалар
 - 2.Жүкті әйелдер
 - 3.ҰОС ардагерлері
 - 4.Зейнеткерлер
 - 5.1,2 және 3 топтағы мүгедектер
 - 6.«Күміс алқа» және «Алтын алқа» төсбелгілерінің иелері
 - 7.Атаулы әлеуметтік көмек алушылар
 - 8.Мүгедек балаға немесе бірінші топтағы мүгедекке күтім жасайтын жұмыс істемейтін азаматтар

КӨРСЕТИЛЕТІН КӨМЕК ТҮРЛЕРІ:

- жансыздандыру
- салманы дайындау және орналастыру
- жансыздандыру арқылы тіс жұлу
- периостотомия
- абцесті ашу

ЖОСПАРЛЫ ТҮРДЕ:

- КІМДЕРГЕ?
- 1.18-жасқа дейінгі балалар
 - 2.Жүкті әйелдер

КӨРСЕТИЛЕТІН КӨМЕК ТҮРЛЕРІ:

- 1.жансыздандыру арқылы тіс жұлу
 - 2.салманы дайындау және орналастыру
- Мектептер бойынша тегін көмек оқушылардың көзі тексеріледі:
- ауыз қуысын тексерістен өткізу
 - жарықтарды жабу (тістердің беткейінде орналасқан табиғи ойықтар)

Б.БИЛИСБАЕВ,

«ИП Б.Билисбаев» тіс емханасының директоры.

Жарамсыз деп танылсын

Сұлтанбек Абзал Мұхамедұлының иелігіндегі LW 300 FN маркалы жүк тиегіштің техникалық тәлқажаты жоғалған. Жарамсыз деп танылсын.

«Әр үйге қауіпсіз тағам» акциясы

Созақ ауданында жаз мезгілінде ерте піскен жеміс-жидектер, бақша өнімдері мен көкөніс өнімдерінің құрамынан нитрат деңгейін анықтау мақсатында сәуір, мамыр, маусым айларында акция ұйымдастырылып, өткізілді. Акция Созақ аудандық санитариялық эпидемиологиялық бақылау басқармасы және ҚР ДСМ СЭБК «ҰСО» ШЖҚ РМК ТО бойынша филиалы Созақ аудандық бөлімшесі, ТО Кәсіпкерлер палатасы Созақ аудандық филиалымен бірлескен түрде жүргізілді.

Аталмыш акция ағымдағы жылдың шілде айының 20-21 күндері С.Қожанов көшесінің бойындағы жайылма сауда қатарында ұйымдастырылмақ. Аудан тұрғындары және әр тұтынушы сатып алған өнімдерін ақысыз тексеруден өткізіп, қауіпсіз тағамға қол жеткізеңіз болады.

Қосымша сұрақтар бойынша Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының жұмыс нөміріне 8-72546-4-20-88 хабарласуға болады.

Х.ОСПАНОВ,

Созақ аудандық СЭББ басшысы.

Жатқан жерің жайлы болсын жан әке

Шолаққорған ауылының тұрғыны, асыл әке, қимас бауыр, отбасы мен ағайын-туыстың ақылшысы болған **Нұржанов Есенгелді Ибадуллаұлы** әкеміздің дүниеден өткеніне жылдың жүзі болып қалды. Асыл әкеміздің нұрлы бейнесі жүректерде сақтаулы.

Әкемайым, асқар таудау тірегім, Біздер үшін адал еді жүрегің. Жатқан жерің жайлы болсын жан әке,

Топырағың торқа болсын тілерім, - деп, әкеміз Есенгелді Ибадуллаұлының рухына бағыштап жылдық асын өткізетіндігімізді барша ағайын-туыс, құда-жекекат, замандастарының есіне саламыз.

Ас – 29 шілде күні (28 шілде – қонақ асы) Шолаққорған ауылы, Т.Әубәкіров көшесіндегі №41 үйде беріледі.

Асқа шақырушылар: ұл-қыздары, ағайын-туыс, бауырлары.



Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі мен білім қызметкерлерінің аудандық кәсіподағы ұжымы және Ә.Молдағұлова атындағы жалпы орта мектебінің ұжымы осы мектептің директоры Бекқұлиев Төлепбергенге анасы

Төлеуова Аяш Құлжабайқызының

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ХАБАРЛАНДЫРУ

28/08/2023 14:30 “Оңтүстік Инкай” кенішінің ҚТҚ полигонын қалпына келтіру және консервациялау жобасы”жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлаймыз. Тыңдаулар Түркістан облысы, Созақ ауданы, А.А. Қыземшек ауылы, Тайкөнер ауылы, Түркістан ауданы Созақ ауданы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің Мыңжылқы мәдениет сарайы жанындағы Демур клубы, Тұлпар көшесі нөмірсіз 1 ғимарат мекенжайы бойынша өтеді.

Тыңдаушылар жауапты орындаушы Ергешов Әлішер Әнуарұлының алдын ала келісімі бойынша “Оңтүстік Инкай” кенішіндегі жобалық құжаттармен таныса алады. Байланыс телефоны 87021505545 немесе “Актино-СКБ” ЖШС әзірлеуші кәсіпорны, Соловьев Илья Алексеевич 87055502671 Aktino-skb@yandex.ru.

Бұдан басқа, жобалау материалдары уәкілетті органның порталында орналастырылған:

<https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar/documents/1?lang=ru>

Бейнеконференцияға сілтеме:

<https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a10a0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>

Жұртшылық өкілдері өз пікірлерін білдіре алады, ұсыныстарымен, ескертулерімен бөлісе алады және тыңдаулар басталғанға дейін оларды Тапсырыс берушінің электрондық поштасына жібере алады: a.ergeshov@ughk.kazatomprom.kz, info@ughk.kazatomprom.kz. құрметпен, “ЮГХК” БК” ЖШС. Тел.+77252/99-73-93

«ЮГХК» БК» ЖШС.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Сообщаем, что 28/08/2023 14:30 Состоятся общественные слушания по проекту «Проект рекультивации и консервации полигона ТБО рудника «Южный Инкай». Слушания пройдут по адресу Туркестанская область, Сузакский район, Кыземшекская п.а., с.Тайкөнер, Клуб Демур при Дворце культуры Мынжылқы отдела культуры, развития языков, физической культуры и спорта акимата Сузакского района Туркестанской, ул. Тұлпар здание номер 1 без номера.

Слушатели смогут ознакомиться с проектными документами на Руднике «Южный Инкай» по предварительному согласованию с ответственным исполнителем Ергешов Алишер Анварович. Контактный телефон 87021505545 или предприятием разработчиком ТОО «Актино-СКБ», Соловьев Илья Алексеевич 87055502671 Aktino-skb@yandex.ru.

Кроме этого, проектные материалы размещены на портале полномочного органа: <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar/documents/1?lang=ru>

Ссылка на видеоконференцию:

<https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a10a0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>

Представители общественности смогут выразить свое мнение, поделиться предложениями, замечаниями и отправить их до начала слушаний на электронную почту Закачика: a.ergeshov@ughk.kazatomprom.kz, info@ughk.kazatomprom.kz. С уважением, ТОО «СП «ЮГХК». Тел. +7/7252/99-73-93

ТОО «СП «ЮГХК».

Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!

Сыбайлас жемқорлық-заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимылды барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс.

Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі-ол азаматтардың арыз-шағымы. Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

Х.ОСПАНОВ,
Созақ аудандық СЭББ басшысы.

Барлығымыз да айналамызды қоршаған ортаға адам ретінде, тіршілік иесі ретінде жауаптымыз. Айналамыздағы орман тоғай, аң-құс қашанда жер ананың сәнін беріп тұрады. Десекте, адамдар тарапынан жіберіліп отырған олқылықтар ашкөзде жер байлығы сексеуілді есепсіз сындыру, аң-

есінен бөлініп шығатын оттегі. Ал табиғаттың өзі берген орман, оттегінің көзі екені де рас. Ендеше ауданымыздағы мол байлық орманды жерлерді сақтап, ондағы өсіп-өніп отырған аңдардың қадір-қасиетіне жету сіз бен біздің борышымыз. Бүкіл аудан тұрғындары қоршаған ортаның экологиялық

Орман өртіне абай болған жөн

құсты атып құрту, өрт тудыру сынды табиғат байлықтарының өртке орануы адам қолынан жасалып отырған қылмыс демеске лажымыз жоқ. Кенеттен болған өрт аң-құсты қыру, сексеуіл қарабарқын сынды табиғат байлықтары болашағымызға жасалған қиянатымыз. Мұның артында экологиялық проблемалардың тұрғаны барлығымызға белгілі. Жер планетасының ғасырлар бойы барлық жануарлар дүниесі адамзат баласы үшін тіршілік негізі –таза ауа екені баршамамызға белгілі. Ол тек өсімдіктер дүни-

тазалығына, орманды жерлердің өсіп, өнуіне қарсы қауіпсіздік шараларын сақтасақ, аң-құстарды аялап ұстасақ, табиғатқа бір мезгіл көңіл бөлсек, өзіміздің Жер-Анамыздың алдындағы үлкен парызымыз орындалғаны болар еді. Ардақты аудан азаматтары ауданымыздың табиғаты мен ауасын өрт шалмасын. Өртке қарсы бірлесе ауызбіршілікте жұмыс жасайық.

Ерболат ОМАРБЕКОВ,
Шолаққорған орман шаруашылығының орманшысы.

Дала өртіне сақ болайық!

Қазіргі уақытта көктемнің мамыражай күндері көптеген жеке азаматтар ұйымдасып тау баурайына сейілге шығып серуен ұйымдастырады. Осы кезде олар от жағып, түрлі ас мәзірлерін әзірлеп жүрген сәттерінде өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтай бермейді. Соның кесірінен таулы аймақта орман өрттері орын алуы мүмкін. Сіз бен біз өзіміз өмір сүріп отырған қоршаған ортаға өле-өлгенше қарыздармыз. Айналамыздағы орман тоғай, аң-құс қашанда жер ананың сәнін беріп тұрады. Десекте, адамдар тарапынан жіберіліп отырған олқылықтар ашкөзде жер байлығы сексеуілді есепсіз сындыру, аң-құсты атып құрту, өрт тудыру сынды табиғат байлықтарының өртке орануы адам қолынан жасалып отырған қылмыс демеске лажымыз жоқ. Кенеттен болған өрт табиғат байлықтарына орасан зиян келтіреді. Бұл болашағымызға жасалған қиянат екенін ескере бермейді. Мұның артында экологиялық проблемалардың тұрғаны барлығымызға белгілі. Жер планетасының ғасырлар бойы барлық жануарлар дүниесі адамзат баласы үшін тіршілік негізі –таза ауа екені баршамамызға белгілі. Ол тек өсімдіктер дүниесінен бөлініп шығатын оттегі. Ал табиғаттың өзі берген орман, оттегінің көзі екені де рас. Ендеше ауданымыздағы мол байлық орманды жерлерді сақтап, ондағы өсіп-өніп отырған аңдардың қадір-қасиетіне жету сіз бен біздің борышымыз. Бүкіл аудан тұрғындары қоршаған ортаның экологиялық тазалығына, орманды жерлердің өсіп, өнуіне қарсы қауіпсіздік шараларын сақтасақ, аң-құстарды аялап ұстасақ, табиғатқа бір мезгіл көңіл бөлсек, өзіміздің Жер-Анамыздың алдындағы үлкен парызымыз орындалғаны болар еді.

Ерік ОТАРБАЕВ,
Қаратау қорығының мемлекеттік инспекторы.

Ерекше дауыс иесі Қошқарбай ағаның өнеріне бұрыннан тәнті болып жүретінмін. Аудандағы ардагерлерден құрылған топта ән салып, халыққа танылған. Ол кісі ән салғанда жүрекпен айтады. Сондықтан шығар ол орындаған ән жүректерге жетіп жатады.

Жақында жұмысқа келе жатып ол кісіге жолығып қалдым. Амаңдық-саулық сұрасқаннан кейін: «Аға, редакцияға келіңіз! Кеңінен отырып әңгімелесейік,-дедім.

«Мақұл, інім, шаруаларымды реттеп алған соң міндетті түрде барамын деді.

Уәденің адамы екен. Көп ұзамай редакцияға келді. Мен өзі жайлы баяндап беруін сұрандым. Қошқарбай аға өзі жайлы әңгімелей бастады.

«Мен Сәдуақасов Қошқарбай 1953 жылы Жартытөбедегі Сталин колхозында дүниеге келдім. Әкем колхоз-



болдым. Даусым халық әндеріне керемет келеді. Белгілі сазгердің де әндерін орындаймын.

Зейнеткерлікке шыққаннан кейін ауданымыздағы ардагерлерден құрылған топқа кірдім. Облыстық, аудандық байқаулардың жүлдегерімін. Ән мені үнемі қанаттандырады. Ән салып бойым жеңілдеп қалады. Барлық кезде ыңылдап ән салып жүремін. «Ән көңілдің-ажары» деген сөз бекер айтылмаған ғой. Жаңа әндер шықса тез жаттап аламын. Сосын оны тезірек орындап, көпшіліктің алдына шыққанды ұнатамын.

Көптен бері ән салып жүргендіктен жаңа әндер шықса, қуанып қаламын. Уақыт дегеніңіз сырғып өтіп жатыр. Бала кезімнен ән салғаным есіме түссе, көптеген жылдар өтіп кеткенін бағамдаймын.

Еңбек те де, өнерде де өзіндік із салып келемін.

өсірген. Бесеуі де жоғары оқу орындарын оқыған. Өкініштісі жақында бір ұлы мезгілсіз дүниеден озды. Балаларының үлкені Ербол Кентауда тұрады. Дәурен деген ұлы жоғары да айтқанымыздай қайтыс болды. Дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі еді. Дәулет есімді ұлы мұғалім. Дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі. Спорт мектеп директорының орынбасары. Одан кейінгі ұлы Шолақорған ауыл әкімшілігінде қызметкер. Төртінші ұлы да спорт мектебінде мұғалім.

Өнегелі отбасының иесі сол жол тегістейтін техниканы айдап жүргенде ән салатынын тілге тиек етеді.

Қазір «Сырлы Созақ» ансамбліінде ән салып жүр. Қошқарбайдың дауысы ерекше екендігін ансамбль мүшелері мақтанышпен айтады. Аталған өнер тобы 2022 жылы қараша айында құрылған.

Өмірлік жары Құрманкүл де отағасының өнерін үнемі қолдап

Өнерді өміріне серік еткен



да қошқар бағады екен. Содан әкем менің есімімді Қошқарбай деп қойыпты. 1961 жылы мектеп табалдырығын аттадым. 1971 жылы мектепті бітіріп шықтық. Әуелі кеңшарда мал бақтым. Сосын әскери борышымды өтеуге кеттім. Әскерде үш жылдықта болдым. Теңіз-әскери қызметінде борышымды өтедім. Борышымды өтеуде өте үздік қызмет еттім. Бөлімше командирі болдым. Қатардағы жауынгерден командирлікке көтерілдім. Старшина шенін алдым. Бірнеше медальдарды иелендім. Борышымды өтеп келіп, 1976 жылы Созақ ауылындағы кәсіптік-техникалық училищеге құжат тапсырып, оқуға түстім. 1977 жылы ДЭУ-ге жұмысқа кірдім. Зейнеткерлікке 5-6 жыл қалғанда мекеме тарады. Отыз бес жыл табаны күректей жұмыс жасадым. Үш мәрте ауданда депутат болдым. Қарапайым еңбегімнен халыққа қызмет жасадым. Автогрейдер айдадым. Коммунистік партия қатарында болдым. Қоғамдық жұмыстарға да белсене араластым. Сол бала кезімде қозы-лақ бағып жүріп ән салатынмын. Сырттай естігендер: «Шіркін, мына баланың дауысы керемет қой,-дейді екен. Қызыққандары маған ән салдырған ғой. Табиғи даусыма тәнті болған. Содан жиын-тойларда ән салып, «Әнші бала» атанған жағдайым бар. Қатар-құрбылардың тойларында да ән салып жүрдім. Көркемөнерпаздар үйірмесінің белсенді мүшесі



ДЭУ-де істеп жүрген кезімде уақытпен санаспай жұмыс істедім. Сол еңбегімнің арқасында құрметке бөлендім. Жастық шағымды, еңбек еткен жылдарымды сағынамыз.

Талай мәрте Одаман асуында жанқиярлықпен жұмыс жасадым. Бірнеше мәрте алай-дүлей боранмен бетпе-бет келдік. Көптеген жоллаушыны боран құрсауынан құтқардық.

Қиналған сәттерімізде мені үнемі өнер қанаттандырып отырады. Өмірді әнмен өрнектеп келемін десем артық айтқандық болмас, сірә! Өнердің өміршеңдігі деген осы шығар,-деді Қошқарбай Сәдуақасов. Отбасында бес бала тәрбиелеп,

отырады. Қ.Дүйсебаева өнерді қадірлейтін жан. Сондықтан болар жарының ән салғанына үнемі қуанып, киім-кешегін үтіктеп сахнаға әзірлейді.

Әрине өнер адамы болғаннан кейін оның көңіл-күйі қалыпта болуы керек екендігін Құрманкүл апай жақсы түсінеді. Бабында болуын қадағалайды. Жұбайының мамандығы есепші. Ол да ДЭУ-мекемесінде қызмет істеп, зейнеткерлікке шыққан.

Ең кіші ұлы Жалғас қолында тұрады. Келіні Ы.Алтынсарин мектебінде мұғалім. Отбасындағы 10 немересінің шаттығына бөленіп келеді.

Қошекең ән салуды мектепте жүргенде бастаған. Сахнаға шығып ән салғанда көрермендер сілтідей тынатын. Сөйтіп жүріп білім ұясында «Әнші бала» атанған сегіз жылдықты Аққолтықта бітіріп, Жартытөбедегі Қ.Кемелұлы мектебінде орта мектепті тәмамдаған.

Еңбек пен өнерді қатар алып жүрген Қошқарбай аға ән айтуда алдына жан салмайды.

Өнерді өміріне серік еткен азаматқа көрермендер ықыласына бөлене беріңіз дейміз.

Сәрсенбек ТЕҢІЗБАЙ,
Қазақстан Журналистер
Одағының мүшесі.
«Созақ үні» газетінің бас редакторы.



Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Директор:
Абилпаттаев Ержан
Бакытжанович

Бас редактордың міндетін
уақытша атқарушы:
Мақсат Қарғабай
Жауапты хатшы
Мақсат Қарғабай
Редакция құрамы-

Аға тілші-
Нұржамал МАЙУСОВА
Тілшілер-
Данияр БЕКОВ
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайнер-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терімші-
Бағила АЯЗБАЕВА
Фототілші-
Құрманш КЕРІМҚҰЛОВ

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта
аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы:
161000, Шолақорған ауылы,
С.Қожанов көшесі, байланыс
телефондары 4-15-30
(факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3600 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.